К.Бакиев кезінде Қырғызстанға ұлттық идея қажеттігі айқын көрінді. Мемлекеттік хатшы Адахан Мадумаровтың бастамасымен «Қырғыздар мұрасы мен болашағы» бағдарламасы дайындалып, оның негізінде қырғыз халқының мәдени мұрасы қайта жаңғырып, қоғамда азаматтық саяси ұлттық идея мәселесі басты орынға шықты. А. Мадумаровтың ізін жалғастырушы Дастан Сарығұлов қырғыз қоғамында «Тәңіршілдік» (исламға дейінгі көшпелілер діні негізінде жатқан мәңгілік көк тәңірі) идеясын көтерді [8]. Дегенмен қырғыз ғалымдары бүгінгі таңда еуразия идеясына тоқтады. Себебі Еуразия толерантты идея және қырғыз халқының дәстүрлерін сыйлап, Қырғызстандағы мұсылмандардың, христиандардың басқа да діни қауымдастықтардың мүдделері мен елдің ішкі саясаты ескерілген идея.

Бауырлас өзбек қандастарымыз да тәуелсіздіктерін алған күннен бастап, өзбек қоғамының ұлттық идеясы мәселесіне көңіл аударды. Әрине ұлттық идея мен идеология бір күнде пайда болатын нәрсе емес. Ұлттық идеяның негізгі принциптері жасалмаса, сол принциптер іске аспаса, тек қағаз жүзінде қала береді. Сондықтан Тәуелсіздік алғаннан кейін бірінші кезектегі міндет Ұлттық тәуелсіздік идеясын әзірлеу болды. Әрі бірден бұл идея мемлекеттік идеология деңгейіне дейін көтерілмеуі керек деп айтылды. Ол тек ұсынымдық сипатта болу қажет. Ұлттық тәуелсіздік идеясының мәні өткенді еске алатын емес, бәрін білетін, өз бетінше ойлайтын адамдарды тәрбиелеу. Идеяның негізгі мақсаты Отанға деген сүйіспеншілік, төзімділік, әділеттілік сезімі, еңбексүйгіштік және жақсылыққа деген ұмтылысты, өзіне деген сенімділікті әрбір азаматтың жүрек түбіне жеткізу. Өзбекстанның көп ұлтты, көп конфессионалды мемлекет болғандықтан, халықтың бірлікте, бейбітшілікте өмір сүруі үшін тың идея қажет және ол идея Ұлттық Тәуелсіздік идеясы болды[9].

Сондықтан ұлттық идея Отан мен қоғамдық менталитетке прогрессивті көзқараста, мемлекетте болып жатқан оқиғалар мен болашаққа жауап бере алуы қажет. Бұл жерде біздің ұлы бабаларымыздың жазған еңбектері мысалы Әбу Наср әл Фараби, Бируни, Ибн Сина, Ахмет Йассауи, Әлішер Науаиды ұлттық идеядан тыс қалдырмау қажет. Әбу Наср әл Фараби, «Қайырымды қала тұрғындары» (Фозил одамлар шахри) алсақ, ол еңбек мыңжыл бұрын жазылса да, кез келген оқушы ол еңбектен бүгінгі күні туып жатқан мәселелердің

біразына жауап табады. Бүгінгі таңда әлемде 195 тәуелсіз мемлекет бар, 10 тәуелсіздігін әлемге мойындата алмай жүрген мемлекеттер бар. Бұлардың барлығы мемлекеттерін ғылыми, экономикалық, мәдени озық жасағылары келеді, себебі тарих әлсіздерді жойып жібереді. Әр мемлекеттің өзіндік ұлттық идеялары бір, ол мемлекет азаматтарының жігерлендіруші күші болып отыр. Мысалы Австрия республикасының ұлттық идеясы «Австрия соңғы жойылады», Орталық Еуропадағы бұл мемлекет әлемдегі өмір сүру үшін ең қолайлы елдердің бірі. Оңтүстік Африкадағы Ангола республикасының негізін үш этникалық халық құраса да, қоғамды бірлікте ұстау мақсатымен «Күш бірлікте» деген ұлттық идеясын жариялаған. Оңтүстік Америкадағы территориясы бойынша екінші орында, халық саны бойынша үшінші орынды алатын Аргентина Республикасының ұлттық идеясы «Бостандық одақта» деп аталады. Закавказьеде орналасқан, ашық теңізге мүлде шыға алмайтын Армения республикасының ұлттық идеясы «Болашақ күш, өткенді ұмытпау», кеше ғана Кеңес Одағы құрамынан шыққан Белоруссия Республикасының ұлттық идеясы «Жыве Беларусь». Оңтүстік шығыс Азиядағы Шығыс Тимор Демократиялық республикасы Тимор аралының жартысын ғана иемденсе де, ұлттық идеясы «Намыс, Отан, Халық» елді бәсекеге қабілеттілікке шақырады. Үнді-Қытай жартты аралында орналасқан Вьетнам Социалистік Республикасының ұлттық идеясы «Тәуелсіздік, еркіндік және бақыт» деп аталады. Француздардың бірнеше жыл отары болған, Орталық Африкадағы 2 млн. ғана халқы бар Габон Республикасының ұлттық идеясы «Бірлік, Еңбек, Әділеттілік». Мемлекеттік тілі әлі де француз тілі болып табылатын Батыс Африкадағы Гвинея Республикасының ұлттық идеясы «Жұмыс, Әділдік, Даму». Әлемдегі ең кедей елдердің бестігіне кіретін Гвинея-Бисау 1446 жылдан бастап территориясын португалдықтар игерген мемлекеттің бүгінде «Бірлік, Күрес, Прогресс» деген ұлттық идеясы бар. Испания Корольдігінің ұлттық идеясы «Бәрінен жоғары - Испания, Испаниядан жоғары - Құдай». Отыз сегіз миллион халқы бар орталық Еуропада орналасқан Польша Республикасының ұлттық идеясы «Құдай, Намыс, Отан». Үш жүз жиырма миллион халқы бар, территориясы бойынша әлемде төртінші орынды алатын, АҚШ-ның In God we Trust (Құдайға сенеміз) деген ұлттық идеясы бар. Камерун Республикасының ұлттық идеясы «Бейбітшілік, жұмыс, Отан», Солтүстік Африкада орналасқан Ливия мемлекетінің ұлттық идеясы «Бостандық, Социализм, Бірлік» болып табылады. Батыс Африкада орналасқан төрт миллион халқы бар Мавритания Ислам Республикасының ұлттық идеясы «Намыс, бауырластық, әділеттілік», Үнді мұхитында Мадагаскар аралында орналасқан Мадагаскар Республикасының ұлттық идеясы «Отан, бостандық, прогресс». Батыс Африкада орналасқан Мали Республикасының ұлттық идеясы «Бір халық, бір мүдде, бір сенім», Батыс Үндістанда орналасқан арал мемлекет Сент Люсияның ұлттық идеясы «Отан, халық, даму» деп аталады. Атлант мұхитының жағалауында орналасқан Сьерра-Леоне мемлекетінің ұлттық идеясы «Бірлік, бостандық, әділдік», Теркс және Кайкос Батыс Үндістандағы британдық теңіз жағалауы территориясының ұлттық идеясы «Бір халық, бір ұлт, бір тағдыр», Батыс Еуропадағы трансконтиненталды Француз Республикасының ұлттық

идеясы «Бостандық, теңдік, бауырластық». Орталық Африкада орналасқан бес миллион халықы бар мемлекеттің ұлттық идеясы «Бірлік, ар-ождан, еңбек». Орталық Еуропада орналасқан Чехия мемлекетінің ұлттық идеясы «шындық орнайды», ал Швейцария Конфедерациясының ұлттық идеясы «бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін». Оңтүстік Корея Республикасының ұлттық идеясы «Бәрі халық үшін», Шығыс Азиядағы арал мемлекет Жапонияның ұлттық идеясы «Күн шығыс елі» болып табылады.

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17 қаңтар, 2014 ж.), «Нұрлы жол – болашаққа жол» (11 қараша, 2014 ж.) атты Жолдауларындағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын қалыптастыру туралы ой отандық саясаткерлер, философтар, тарихшылар ортасында кеңінен қолдау тапты [3]. «Мәңгілік Ел» - Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру стратегиялық мақсатын жүзеге асыруға бағытталған қуатты жұмылдырушы бастама. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ... «Мәңгілік ел» идеясы біздің көне түркілік дүниетанымымызды – болмысымызды, көшпенділер өркениетінің негіздерін заманға лайық қайта жаңғыртудың, еліміздің алдыңғы қатарлы қуатты мемлекет ретінде өркендеуінің кепілі болып табылады. Тәуелсіздіктің келуімен еліміз тарихи тұрғыда осы идеяны жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. Бұл татулық көршілестікке, бейбітшілікке ұмтылған мемлекет ретінде әлем қауымдастығына танымал Тәуелсіз Қазақстанның әзірге ешкім бағаламаған және игерілмеген аса зор әлеуетке ие екендігін білдіреді. Ал бұл «Мәңгілік ел» идеясы – біздің ұлттық кодымыздың кілті», - деген ойды білдіреді [10].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қазақ елінің жарқын болашағын білдіре отырып, Қазақстанның дамыған елдермен қатарласуына мүмкіндік беретіндігін білдіруде. Бұл – ұлттық бірлік пен бейбітшілік, экономиканың нығаюы, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуы негізге алынатын Қазақстан жолының жаңа кезеңі. Ел дамуының бүгінгі жағдайында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – болашаққа сенімді қадам. Ол барша қазақстандықтардың ынта-жігерін қоғам алдында тұрған маңызды міндеттерді шешуге жұмылдыруы тиіс. «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақстанды ел ретінде ғана емес, біртұтас ұлт ретінде танытады. Біз экономикалық тұрғыда ғана емес, рухани да дамуымыз керек. Қазақстан өзінің көпұлттығына қарамастан, біртұтас, ортақ идеяны дүниеге әкелді. Бұл – біздің өмір бойы аңсаған, іздеген арманымыз. «Мәңгілік Ел» - Қазақстанның қазіргі даму жағдайындағы мемлекеттік идеологиясының түпкі мәні, – деп жазады саясат ғылымдарының докторы, профессор Г.Сұлтанбаева [4]. «Мәңгілік Ел» идеясы мәңгілік халық, мәңгілік мемлекет ретінде халқымыздың көп ғасырлық арман-мұратына, ел дамуының нақты нәтижелеріне негізделген.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда еліміздің ұлттық идеясының құндылығы Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақ елінің өскелең ұрпақтарының еліне, жеріне, Тәуелсіз Қазақстанына деген сүйіспеншілігі мен отансүйгіштік сезімінің жоғарылығымен тікелей байланысты. Қазақ елінің мемлекеттілігін, ата-бабаларының еңбектерін ерекше мақтанышпен, асқақ сезіммен жырлау – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысымыздың нақты көрінісі және сол

болмысты жас ұрпақ осы арпалыс заманда сақтап, әлемдiң озық елдерiнiң тек жақсы қасиеттерiмен, тәжірибелерiмен сабақтастыра білу керек.

### ӘДЕБИЕТ:

1. Саяси түсiндiрме сөздiк. – Алматы, 2007. – 491 б.
2. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия // Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – 123 б.
3. Интервью Президента РК Агентству «Хабар»: «Размышления у подножия Улытау» (24 августа 2014 года) //pravo.zakon.kz/
4. Национальная идея «Мәңгілік Ел»/nform.kz/rus/article/
5. Кучурин В. В. С. М. Соловьёв: христианин и учёный. – СПб.: Петрополис, 2001. –116 с.
6. Панцов А.В. Тайная история советско китайских отношений: большевики и китайская революция (1917-1927) – М., 2001, – 25 с.
7. Бектанова А.К., Стамова Р.Д. Гражданское общество как реальная форма социального бытия в Кыргызстане // Альманах современной науки и образования. – 2017 – № 2 (116). – 18 с.
8. Рыскулов И.А. Состояние и перспективы сотрудничества Кыргызстана с развитыми странами // Известия Санкт-Петербургского государственного экономического университета. – 2015 – № 4 (94). – 17 с.
9. Салиев А.С., Файзуллаев М. Социально-экономическое развитие Республики Узбекистан за годы независимости // Социально-экономическая география. Вестник Ассоциации российских географов-обществоведов. – 2013 – № 1 (2). – 137 с.
10. Қадыр Мырза Әли. Күлтегiн Тоныкөк: Ежелгi түркi рун жазбалары. – Алматы: Өлке баспасы, 2001. –144 б.

*Первый Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» провозгласил национальную идею страны «Мәңгілік Ел». В статье кратко излагаются вопросы национальной идеи, которая важна для Казахстана, всех постсоветских государств и других зарубежных стран.*

*Идея «Мәңгілік Ел» сегодня имеет огромное значение и роль в решении стратегических целей, обозначенных на долгие годы, и поэтому назрела необходимость изучения ее на общенациональном и общецивилизационном уровнях. Изучения ее теоретических основ в процессе развития по цивилизационным измерениям до сих пор не существует.*

*The First President of The Republic Of Kazakhstan N. Ah. The idea of "Mangilik El" declared the national idea of the country in the Message to the people of Kazakhstan "Kazakhstan-2050: common goal, common interests, common future". The article briefly presents the issues of the national idea, which is important for Kazakhstan, for all post-Soviet States and other foreign countries. The idea of "Mangilik El" today is of great importance and role in the solution of strategic goals set for many years, and therefore there is a need to study it at the national and*

*civilizational levels. The study of its theoretical foundations in the development of civilizational dimensions still does not exist.*

*The idea of "Mangilik El" is being tested history with the participation of villagers and ethnic groups living in Kazakhstan, and today in the process of globalization becomes a creative national idea. To transform our country through the creation of a single community of civil and political national ideas is one of the main tasks of our state in ensuring sustainable interfaith tolerance and inter - ethnic relations.*

\*\*\*\*\*

УДК 81'366

**В.У. Зейнина**, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Әскери институты тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.

**А. Саркенқызы**, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Әскери институты тілдік дайындық кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, аға лейтенант.

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ТУРАЛЫ ОЙ

*Мақалада латын әліпбиіне көшу қажеттілігі туралы ойлар айтылады. Бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, жастардың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, компьютерлік сауаттылықты арттыруға жағдай жасайды. Ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.*

*Тірек сөздер:* латын әліпбиі, көшу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Қазақ елінің тәуелсіздігінің бір тұғыры – ана тілі. Ана тілінің биіктеуіне, өркендеуіне, дамуына мүмкіндіктер туды. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі туындап отыр. Әлемдік бәсекеге қабілеттілігімізді арттыруда латын әліпбиіне көшу қажеттілігі, оның әдістемелік негізін жасау мәселесі айқындала түсті. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы Халыққа Жолдауында «Қазақ алфавитін 2025 жылдан бастап, латын графикасына көшіру үшін дайындықты осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпарат тіліне айналдырады» – деп атап көрсеткені көпшілікке белгілі [1]. Қазақ жазуы қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін латын графикасына көшу елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. Әлемдегі елдердің 70 пайыздан астамы латын тілін қолданады. ХХІ ғасырда латын тілі – технология, ақпарат, коммуникация тіліне айналып отыр. Бұл латын тілінің экономикалық тиімділігін айқындайды.

Егемендіктің айғақ белгісі дербес Елтаңба, Ту мен Әнұран болса, күнделікті мазмұнының бірі – жазу. Жазу дегенді тек әріп жиынтығы деп

қарамау керек. Жазу әліпби, таңба және емле-ережеден құралады. Әліпби – тілдің дыбыс құрамы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже – әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері. Олай болса, әліпбиі, таңбасы мен емле-ережесі үйлескен жазу тіл егемендігінің кепілі болып табылады. Әліпби ауыстыруды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде тіл мамандары, біліп те, түсініп те отыр. Ендеше, бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру деп қарамай, кең қамтып, жазу реформасына айналдыру қажет.

Байқаймыз, қазақ тілі мен латын графикасының жай-күйі соңғы уақытта қазақ зиялыларынан бөлек қалың бұқараны да толғандыруда. Тіл саясатының алдағы кезеңдегі стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындап, оның негізгі басымдықтары мен нақты іскери тетіктерін белгілейтін «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020» бағдарламасы да мұншалықты шу шығармаған еді. Президентіміздің «латын графикасына» байланысты жолдауы елді бір сілкітті. Еліміздің үкіметтік емес ұйымдары мен тіл институттары, саяси партиялардың өкілдерінен бастап, қоғам қайраткерлері, жазушылар, саясаттанушылар, БАҚ өкілдері, Парламент депутаттары, студент жастар, барлығы да латын графикасына байланысты өз ойларын ашық алаңға салуда. Еліміздегі барша БАҚ латын графикасына қатысты материалдарды дүрліктіре жариялауда.

Латын графикасына қатысты мәселелер тәуелсіздік алғалы бері айтылып келе жатыр. Дегенмен, тек тілші-ғалымдар ғана ұлттық бағытта жазатын бірер басылымдарда өз ойларын талқылап, латын графикасының пайдасы мен зияндықтарын айтушы еді. Латын графикасы бір байламға келе алмағандықтан, қалың бұқараның оған деген қызығушылығы бола қоймады. Алайда, Елбасымыздың 2012 жылдың 14 желтоқсанында жариялаған «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауындағы «латын графикасына көшу» мәселесі халықтың да тілге деген ынта-ықыласын оятудың себепкері болды.

Жасыратыны жоқ, кезінде қалың бұқараның ынта-ықыласы латын графикасына айтарлықтай аумаған еді. Мемлекеттік тілді дамытуда аздаған ілгерілеушіліктер болғанымен, мемлекеттік тілге көңіл бөлуді соңғы кездері саябырсытып алғанымыз рас. Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген сөзі де кейбір қазақтардың санасында қалу-қалмауы екіталай. Дегенмен, президенттің «Латын графикасына» байланысты жолдауы халықты шулатты. Билік пен қоғам біте қайнасып, ортақ мүддеге келгенде бас біріктіре алатынын көрсете алса, мемлекеттік тіліміз және латын графикасына байланысты жақсы нәтиже шығаруға болады. Бірақ, қоғамда пікірталастар, қарама-қайшылықтар болуына орай, бұқара бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алмай отыр. Халық «латынды қолдаушылар» және «кириллицаны қолдаушылар» болып екіге қақ бөлінді. Әрине, пікір бір жерден шыққанда мұндай бөлінушілік болмас еді. Ең қызығы, орыстілді басылымдардың өзі латын графикасына байланысты дауды өршітуде. Орыс газеттері де латын графикасына қатысты материалдар жариялап, пікірталастарға белсене қатысып жатыр. Осылайша, елде шу шығып отыр.

Әліпби ауыстырудың үш деңгейі бар: бірінші – әліпби деңгейі, екінші – таңба деңгейі, үшінші – емле-ереже деңгейі. Егер біз әліпби құрамын өзгертетін болсақ, онда оның ар жағындағы таңба және емле-ережелеріне де өзгеріс ендіруіміз керек. Таңбаға өзгеріс ендіретін болсақ, онда оның емле-ережеге әсері қандай болмақ, алдымен соны ойлап алуымыз керек. Бұл – тіл мамандары мен әдіскерлердің шешетін мәселесі. [2]

Қазақ елінің тәуелсіздігінің бір тұғыры – ана тілі. Ана тілінің биіктеуіне, өркендеуіне, дамуына мүмкіндіктер туды. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі туындап отыр. Биылғы Елбасының халыққа жолдауының терең мазмұны мен ел дамуы үшін маңыздылығы ерекше екенін сарапшылардың барлығы дерлік атап жатыр. Сонымен бірге жолдаудың тағы бір айрықша тұсы тілтанушылардың көптен күткен қазақ жазуын түбегейлі реформалауға қатысты көкейкесті мәселеге нақты жауап алуымен байланысты. Әлемдік бәсекеге қабілеттілігімізді арттыруда латын әліпбиіне көшу қажеттілігі, оның әдістемелік негізін жасау мәселесі айқындала түсті. Көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаев алғаш рет бұл туралы 1996 жылы Халықтар Ассамблеясының III сессиясында: «Латын қарпіне ұсынылып отырған көшудің өзі қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның әлемдік ақпарат кеңістігіне, технологиялық тұрғыдан бейнелеуге, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бейнелеуге, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бірігуіне неғұрлым тиімді көмек көрсетер еді», – деді, ал осыдан он екі жыл өткен соң 2006 жылы XII сессиясында: «Бір кездерде туындалған латынға көшу мәселесіне қайта оралуымыз қажет. Бүгінгі күні коммуникативтік кеңістікте латын графикасы басымдылық танытып отыр. Көптеген елдердің оның ішінде, Кеңес Одағы құрамындағы кейбір елдердің латынға көшуі тегін емес», – деп осы мәселенің ғылыми жағын зерттеп көруге нақты тапсырма берген болатын. Біраз уақыт тыншып жатқан бұл даулы мәселе қайтадан бұрқ етіп шыға келді. Дәл қазіргі қызылкеңірдек айтыстардың басым бөлігі латын әліпбиінің негізінде жазуымызды өзгертуге қатысты болып тұр.

Ең алдымен, латын жазуы қандай жазу, қалай қалыптасты сол туралы тоқталайық. Жазу түрі – консонантно-вокалды; қолданатын елдер – батыс және Орталық Еуропа елдері, Азияның кейбір елдері – Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркменстан, Индонезия, Малайзия, Филиппин, Африка құрлығындағы көпшілік елдер, Америка, Австралия халықтары. Шыққан жері – Көне Рим. Шығу уақыты біздің дәуірімізге дейінгі 700 жылдары. Жазу солдан оңға қарай жазылады. 26 таңба бар. Қазіргі таңда дүние жүзі бойынша ең көп таралған жазу түрі. Жер шарының 44 пайыздан астам елдері осы жазуды қолданады.

Енді латын әліпбиінің қажеттілігі туралы ой қозғап көрелік. Біріншіден, грамматикалық тұрғыдан әріптер тек дыбыстардың шартты таңбалары ғана сияқты көрінгенімен, шынайы өмірде олардың рөлі әлдеқайда ауқымды. Арғы бабаларымыз – көне түркілердің сынтас жазуын айтпағанда, өткен ғасырдың басынан бүгінге дейін қазақ халқы да бірнеше түрлі әліпбиді қолданғаны тарихқа белгілі. Ата жұрттағы қазақтар кеңестер одағының құрамында соңғы



рет 1940 жылы кириллицаға біржола көшкенімен, түрлі тарихи себептермен атажұрттан бөлініп қалған қандастарымыз бүгінде басқа-басқа мемлекеттерде бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі әліпбилермен сауатын ашуда, немесе мүлде басқа тілді меңгеруде. Деректер атажұрттан алыста жүрген қандастарымыздың саны 5 миллионға жететіндігін айтады. Бұл – халқымыздың 3-тен 1-і. Яғни, қазақ халқының осыншама бөлігі ана тілі мен ұлттық дәстүрінен алшақтап барады деген сөз. Ендеше, ұлтты біріктіруші Ана тіліміздің барша қазаққа таныс «тымағы мен тонының» болуы қажеттіліктің қажеттілігі. Екіншіден, томаға-тұйықтықтан шығып, өзара ықпалдастыққа бет түзеген бүгінгі дүниеде ағылшын тілінің қолданыс аясы барынша кеңейе түсуде. Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде ағылшын тілі дүниежүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек. Демек, өркендеу мен күшею жолында біз ағылшын тілін айналып өте алмаймыз. Үшіншіден, жасыратыны жоқ, қазақ тілінің қуаттылығы оның бітім-болмысында, ғасырлар бойы қалыптасып, жүйеге түскен, құрсауы берік, әдемі жымдасқан грамматикалық құрылысында жатыр. Тілімізде кириллицада да, латында да кездеспейтін дыбыстар бар, осы дыбыстарды сақтай отырып және бар латын әріптері негізінде жаңа әліпби жасау өрелікті де, шеберлікті де қажет ететін жұмыс. Бұл – ғалымдарымыздың еншісі. Шынында да, біз қолданып отырған кириллица жазуы орыс тілінен кірген терминдерді сол қалпында жазуға және сол қалпында оқуға бағытталды. Дау жоқ, бүгінгі жас буынның қазақ тілінің үндестік заңын көп ескере бермейтіні де соның салдары. Жалғамалы тілдер тобына жататын тілімізде үндестік заңының ескерілмеуі қиянат, себебі ол біздің тіліміздің болмысын бұзады. Демек, дыбыстарымыздың жетілген, түлеген қабығы, сонымен бірге, ұлттық маңызы бар жаңа әліпбиге көшу – дәуірлік зәрулік. Төртіншіден, мына дәуір – уақыттан ұтқандардың дәуірі. Сондықтан заулаған уақыт көшімен жарысқан компьютердің «күдіретіне» ешқашан немқұрайды қарауға болмайды. Өз қолымен жасаған компьютерлік бағдарламаларға адам баласының ықпалынан гөрі, керісінше, компьютердің адамдар санасына әсері әлдеқайда жойқын бола түсуде. Бүгінде өмірімізді онсыз елестету аш-жалаңаш қалғаннан да бетер қорқыныш тудыратын сол компьютердің өзі тереңіне сүңгіген сайын ағылшынша атауларға, тіпті ағылшын әріптеріне аса сезімтал бола түседі. Шындығы сол, ағылшын әліпбиіндегі стандартты клавиатураның беті бүгінгі ғылым мен техниканың, бір сөзбен айтқанда, өркениетті дүниенің есігі. Алдымызда тұрған ол есікті неге ашпасқа. Бесіншіден, тұтас түркі халқының қара шаңырағы болған қасиетті қазақ топырағында мың өліп, мың тірілген қазақ халқының бүгінгі бақытты ұрпағы сан ұлттың өкілдерін бауырына тартып, Қазақстан дейтін мемлекет құрғанынына да 20 жылдан асты. Аз да, көп те уақыт емес. Алайда осы жылдар ішінде тұтас дүние Қазақстан халқының өміршеңдігіне сүйініп, бейбітшілдігіне бас иді, көреген Көшбасшысының сарабдал саясатына таңдай қақты. Сонау 1991-де Қазақстан барша әлемге тәуелсіздігін жария еткенде, ең алғаш болып Түркияның, бар-жоғы 15 минуттан кейін осы ұлы Тәуелсіздікті мойындап,

тарихи қуанышымызға ортақтасқаны күні кешегідей ел есінде. Себебі, Қазақстанның тәуелсіздігі, ол – тұтас түркі дүниесінің егемендігінің емен-жарқын ашылған алғашқы беті еді. Айтары жоқ, Қазақстанның жаңа әліпбиге көшуі, сөзсіз түбі бір түркі тілдес елдердің бауырластық береке-бірлігіне де оң ықпалын тигізеді. Ендеше, сол бес саусақтың жұдырық болып жұмылуы – қапысыз қажеттілік, талассыз тарихи талап. Бұл – мәңгілік ел мұратына бет түзеген қазақстандықтардың мүддесі, сонымен бірге айбыны асқақтаған атажұртқа тілеулес, шекараның ар жағынан елжірей, мөлдірей қараған барша қандастарымызды рухани бірлікке бастайтын алтын көпір.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деген болатын. Бұл мәселе қоғам тарапынан қызу қолдауға ие болуда.

Жұмыстың құрылымына байланысты қорытынды болар түйіндемелерді төмендегідей жүйелер арқылы көрсетуге болады:

1. Қазақ ұлттық жазуын латын графикасына көшіру реформасының мерзіміне келер болсақ, Президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, бұл мәселеде асығыстыққа жол бермегеніміз жөн.

2. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде жеткілікті дамымай келе жатуының бірнеше факторы бар. Оларды атап айтар болсақ, біріншіден – тіл туралы заңнаманың шикілігі; екіншіден – мемлекеттік тілді білуді мемлекеттік деңгейде талап ететін және қажеттілік тудыратын шаралардың жеткіліксіздігі; үшіншіден – қазақ тілінде білім беретін мектепке дейінгі мекемелердің аздығы, төртіншіден – мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдарының аздығы мен өзге тілді немесе өзге елден келетін ақпарат құралдарының шектен тыс көптігі, еліміздегі барлық ұлт пен ұлысқа ортақ ресми түрде бекітілген ортақ әліпбидің жоқтығы. Міне, осы факторлар жиылып келе қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданысының артуына кедергі келтіріп отыр.

3. Түркітілдес елдердің латын графикасына көшу реформаларына зерттеу жүргізу арқылы Қазақстан үшін осы елдердің әліпби реформасының жағымды жақтарын алып, латын графикалы әліпбиге көшудің қазақстандық моделін жасаудың болашағы зор. Іріктеп қолданатын тәжірибе ретінде Түркияның халықты жаңа жазуға үйрету әдістемесі мен тілді үйренудегі патриоттық сананы тәрбиелеу идеологиясын, Әзербайжанның – мемлекеттік тіл мен әліпбиді ұлттық рәміздер қатарына қосу саясатын, латын графикасын білім жүйесі мен баспа ісінде қолдану технологиясын, жаңа жазуда классикалық әдебиеттерді көп данамен шығару тәжірибесін, Өзбекстанның - әліпби реформасы кезінде жүзеге асыратын іс-шараларды анықтауы мен қаржыландыру көлемін белгілеу тәжірибесін қолданған жөн. Ал Түркіменстанның латын графикасына көшу реформасынан «бір дыбысқа – бір

әріп» қағидатын қатаң ұстану тәжірибесін алудың лингвистикалық маңызы зор. Сонымен қатар, 1920-1940 жылдардағы қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру тәжірибесінің оң жақтарын да ескерген абзал.

4. Ұлттық жазуды реформаламас бұрын «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл туралы» Заңы қабылдануы керек. Бұл заң мемлекеттік тілді дамытудың нақты бағыттарын көрсетуі шарт. Екіншіден, жазу ауыстыру туралы мәселені шешуде мемлекет құрушы ұлт – қазақтардың санының артуы қажеттігін ескерген жөн. Өйткені, бұл – әліпби реформасы секілді этнодемографиялық сипатқа ие процес үшін өте маңызды фактор. Үшіншіден, әліпби ауыстырғанға дейін мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу көлемін арттыра беру керек. Төртіншіден, қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының санын арттыру қажет.

5. Әліпбиімізді латын графикасына көшіру туралы шешім қабылданған жағдайда оны ұзақ мерзімді етіп жоспарлау керек. Сондықтан да үкімет әліпби реформасына дайындық жұмыстарын алдын-ала пысықтап алғаны дұрыс. Ол үшін ең әуелі латын графикасына негізделген жаңа әліпбидің жобасын халыққа таныстыру жұмыстарын бастау керек. Бұл мақсатта электронды БАҚ-та әліпбиге қатысты әлеуметтік роликтер мен арнайы фильмдер жасап көрсету керек, баспасөзде жаңа әліпбиді жан-жақты насихаттау қажет. Екіншіден, латын графикасына негізделіп жасалған жаңа әліпбиді мектептер мен баспаханаларда, БАҚ пен Интернет жүйесіне негізделген «Электронды үкімет» бағдарламасы шеңберінде сынақтан өткізу керек. Бұл үшін қажетті оқулықтар мен әдістемелік құралдарды, электронды бағдарламаларды шығару қажет. Болашақта латын графикасына көшкен жағдайда әліпбиге «мемлекеттік» мәртебе беріп, оны игеруді еліміздегі барлық оқу орындарында жүргізген дұрыс.

6. Әліпби реформасын жүргізген тұста этносаралық жағдайды ушықтырмау үшін ақпараттық саясатқа мән берген жөн. Бұл тұста түсіндіру жұмыстарын еліміздің мемлекеттік органдары бұқаралық ақпарат құралдарымен және Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірігіп атқаруы керек. Әсіресе, этносаяси жанжалдың алдын-алу мақсатында жаңа әліпбидің маңыздылығы мен мәнін түсіндірудегі Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы этномәдени орталықтардың рөлі зор. [3]

Жазу тарихымызда қолданылған араб немесе кирил әліпбиі болсын, біз солар арқылы да талай үлкен дүниелерді өмірге әкелдік. Ал енді болашақта қолға алмақ болып отырған латын қарпі қазақ елін әлем мемлекеттерімен жақындастырып, жарқын болашаққа бастайды деп үміттеніп отырғандар көп. Біз қандай әліпби түрін пайдалансақ та, ең бастысы, төл тіліміздің қалпын сақтап, мертебесін биіктете алсақ болғаны.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ МЕН СІЛТЕМЕЛЕР:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан, 14 желтоқсан 2012 ж.
2. Қайдар Ә. Сабырлы саясаттың салиқалы шешімі // Егемен Қазақстан. – 2006. – 1 желтоқсан. – 5 б.

3. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы / Ред. алқа: К. Ш. Хұсайын, Ә. Нысанбаев, К. Н. Бұрханов, С. А. Қасқабасов, М. Қ. Әбусейітова, Н. Қ. Нұрланова, М. Айдарханов, С. Құнанбаева. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

*В статье рассматриваются проблемы перехода на латинский алфавит. Данный переход сближает нас с мировой культурой и создает условия в изучении английского языка и повышении компьютерной грамотности. Самое главное, переход на латинскую графику обогащает словарный состав казахского языка.*

*The problems of transition into Latin alphabet are considered in the article. The main thing is that transition into Latin alphabet enriches the vocabulary of Kazakh language.*

\*\*\*\*\*

УДК 796.01:159.9

**Б.Б. Нурманов**, старший преподаватель кафедры физической подготовки и спорта Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, майор.

**М.С. Бримжанов**, преподаватель кафедры физической подготовки и спорта Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, подполковник.

**М.Т. Нусупов**, старший преподаватель кафедры физической подготовки и спорта Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, подполковник.

## **БОЕВЫЕ ПРИЁМЫ БОРЬБЫ В СТРУКТУРЕ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ КУРСАНТОВ**

Практика показывает, что исход операции по пресечению преступных действий зависит не только от умения владеть табельным оружием и уверенного использования боевых приёмов борьбы. Боевые приёмы борьбы представляют собой эффективное средство подготовки сотрудников к ведению боевых действий в ближнем бою, повышения уровня их физической подготовленности и психической устойчивости. Так, в качестве основной задачи, в значительной степени определяющей содержание боевых приёмов борьбы, указывается на формирование у обучаемых навыков, необходимых для задержания, обезоруживания и способности защиты от нападения правонарушителя, воспитание уверенности в собственных силах.

Анализ современного состояния процесса подготовки военнослужащих средствами боевых приёмов борьбы позволяет констатировать тот факт, что занятия боевыми приёмами борьбы, несмотря на качественное преобразование

технической и тактической составляющих, по-прежнему, оказывают высокое влияние на уровень профессиональной подготовленности курсантов.

Одним из направлений является научные разработки современных технологий обучения курсантов по боевым приёмам борьбы, основанных на данных исследований регуляции произвольной деятельности человека. Поиск путей решения и практическая реализация этого направления призваны обеспечить овладение обучаемыми наиболее доступными в усвоении и эффективными в рукопашной схватке приемами и действиями. Также детальное исследование психологических основ деятельности человека должно обеспечивать у обучаемых формирование способности к максимально рациональному использованию специального двигательного фонда в процессе ведения рукопашной схватки. В данном направлении в качестве наиболее перспективного решения являются разработка специальной программы, основанной на учете психологических аспектов автоматизации движений в процессе формирования навыков боевых приёмов борьбы, и на этой основе формирования умений ведения рукопашной схватки. Принципиально новым в программе должен выступать тот факт, что навыки формируются на основе педагогически оправданных установок на акцентированную отработку ведущих компонентов изучаемых движений. А формирование умений ведения рукопашной схватки предполагает обучение рациональному использованию обучаемыми имеющегося специального двигательного фонда, на основе оценки сложившейся боевой ситуации, идентификации действий противника.

Необходимо также подчеркнуть прикладную направленность изучения приемов и действий из арсенала спортивных единоборств, а также широкое использование специальных полос и курсов для их закрепления. В этой связи важно особо отметить психологическую основу этого педагогического решения [2]. На наш взгляд, это объясняется глубоким изучением и анализом со стороны специалистов закономерностей формирования навыков, этапностью их становления, специфичностью процесса их объединения в действия. Нельзя не отметить направленного формирования у обучаемых умений по эффективному использованию изученных приемов и действий в реальной рукопашной схватке, в зависимости от сложившейся ситуации и действий противника. Также особого внимания заслуживает тот факт, что отработка всего изученного материала происходит обязательно на фоне запредельных физических нагрузок и нервно-психических напряжений, моделируемых в педагогическом процессе.

Рассмотрение вопросов места и роли рукопашной схватки в современном ближнем бою позволило определить ее место, выявить значение и наметить подходы к поиску практических решений, способствующих совершенствованию существующей системы подготовки по боевым приёмам борьбы.

Существующая система отстроена и функционирует с целью обеспечить качественную подготовленность к ведению рукопашного боя. Однако следует учитывать то, что существующая на сегодняшний день система не является статичным образованием, а естественно она вся, как и каждый ее компонент, находится в развитии. Анализ содержания существующей системы подготовки

боевым приёмам борьбы показал увеличение в общем объеме приемов и действий с оружием, что нашло свое выражение в повышении прикладного характера предмета.

Рассматривая психологическую устойчивость курсантов, необходимо отметить, что под этим понятием принято рассматривать способность сохранять в процессе выполнения ими задачи в пределах нормы уровень функционирования таких психических процессов, как ощущения, восприятия, представления, различные показатели внимания, памяти, мышления, воображения [1]. Необходимо отметить, что психологическая устойчивость определяет также целесообразное проявление различных сторон личности в сложных условиях, моделирование которых в полном объеме имеет место в рамках занятий по боевым приёмам борьбы. С этой целью педагогическому процессу придается определенная направленность, путем моделирования специфических условий. Также систематическое и целенаправленное увеличение физических и психических нагрузок с целью создания помех эндогенного и экзогенного характера оказывают положительное влияние на формирование достаточно высокого уровня психоэмоциональной устойчивости [3].

В педагогическом процессе широкое распространение получило использование различного рода внезапно возникающих задач, требующих незамедлительного решения, а также элементов, несущих реальную опасность [4]. Использование отмеченных факторов в процессе обучения полностью обусловлено их наличием в рукопашной схватке. Сама же схватка представляет собой вариативно-конфликтную боевую ситуацию, условленную столкновением с противником и поэтому связанную с риском для жизни, на основе, практически, непрогнозируемого развития ситуации, агрессивности и активного противодействия противника, и протекающую на фоне воздействия запредельных физических и нервно-эмоциональных нагрузок, отсутствия права на ошибку, дефицита времени и информации при принятии решения.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Харламов И.Ф. Формирование личностных качеств в процессе воспитания // Педагогика. № 3. 2003.
2. Хренов А.П. Исследование динамики и путей повышения некоторых показателей двигательных функций у борцов в связи с нарастающим утомлением: автореф. дис. .канд. пед. наук / А.П. Хренов; СГИФК. – Смоленск, 1972.
3. Барабанщиков А.В. Военная педагогика и психология / А.В. Барабанщиков. – М.: Воениздат, 1986.
4. Булочко К.Т. Формирование профессионально-педагогических знаний, навыков и умений в процессе преподавания видов единоборства // Тез. докл. к 8-й метод. конф. / К.Т. Булочко. – Л.: ГДОИФК.им. П.Ф. Лесгафта, 1972.

*Заманауи жақын ұрыстағы қоян-қолтық ұстасу сұрақтарының орнын және рөлін қарастыру, оның орнын анықтау мүмкіндігі, практикалық шешім*

*іздеу үшін негізін анықтап, күрестің жауынгерлік әдістерін дайындауға бар жүйені дамытуға мүмкіндік беретін жолдарын белгілеу.*

*Considering the problems of place and role of hand-to-hand fight in a modern close battle let to determine its place, role and approaches to the search of practical decisions promoting improvement of the existing system of training on combat methods of fight.*

### **Уважаемые авторы!**

Редакционная коллегия научно-образовательного журнала «**Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институтының ХАБАРШЫСЫ**» – «**ВЕСТНИК Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан**» просит Вас внимательно отнестись к соблюдению правил оформления научных статей, с целью обеспечения соответствия требованиям международных баз цитирования, вступление в которые является приоритетной задачей журнала.

Журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство № 14996-Ж от 12 декабря 2014 г.

Периодичность выпуска – 4 раза в год (один раз в квартал).

#### **Рубрики журнала:**

1. Теория национальной безопасности.
2. История. Тактика и оперативное искусство.
3. Техника и вооружение. Войсковой тыл.
4. Теория и методика образования и воспитания.

### **ТРЕБОВАНИЯ К НАУЧНОЙ СТАТЬЕ**

1. Статьи публикуются на казахском, русском или английском языках объемом не более 7 страниц. Тема статьи должна соответствовать одной из рубрик журнала. Процент авторского текста (проверка антиплагиат-системы) не менее 75 %. Статья представляется в редакционную коллегию в электронном и распечатанном виде в одном экземпляре.

*К научной статье прилагаются:*

- выписка из протокола заседания кафедры о рекомендации научной статьи к публикации
- рецензии двух ученых и специалистов по тематике статьи (кроме кандидатов и докторов наук, докторов Phd.)
- экспертное заключение о публикации статьи в открытой печати.

2. Оформление статьи должно соответствовать следующим требованиям: формат текста – MSWord (\*.doc; \*.docx); формат страницы – А4 (210\*297 мм); поля – 2 см со всех сторон; шрифт: размер (кегель) – 14; тип – TimesNewRoman; отступ первой строки абзаца – 1,25 см; выравнивание текста по ширине, межстрочный интервал – 1. На первой странице в левом верхнем углу располагается УДК. После индекса УДК – сведения об авторах: фамилия, имя, отчество всех авторов, полное название организации – места работы, ученая степень, ученое звание; адрес электронной почты автора. Заголовок статьи располагается по центру прописными буквами. После заголовка – аннотация и ключевые слова. После аннотации и ключевых слов – текст статьи; после текста статьи – список литературы (его наличие обязательно), на которые в статье даются ссылки в квадратных скобках, оформленный в соответствии с ГОСТ 7.1-2003. После списка литературы резюме на английском и русском (или казахском) языках.

3. Название и номера рисунков и таблиц оформляются в соответствии с



требованиями ГОСТ 7.1-2003.

Статьи высылать по электронному адресу [vno@vivv.kz](mailto:vno@vivv.kz) или по адресу: 150009, г. Петропавловск, ул. Ж. Кизатова, б. Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан Военно-научный отдел.

ОБРАЗЕЦ СТАТЬИ

УДК 37.035.7

**А.А. Иванов**, профессор кафедры педагогики Орского государственного педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор.

## **СООТНОШЕНИЕ ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО И СОЦИАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО В ВОЕННО- ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ВОСПИТАНИИ КУРСАНТОВ**

*В представленной статье рассматривается необходимость соблюдения баланса между личностно-ориентированным и социально-ориентированным образованием как единственного условия, обеспечивающего глубокое усвоение образовательных ценностей курсантами военных вузов.*

*Ключевые слова:* личностно-ориентированное образование, социально-ориентированное образование, курсант военного вуза, личностные ценности, социальные ценности, военно-профессиональное воспитание.

В последнее время в педагогической науке все чаще ставится вопрос об эффективности уклона в сторону личностно-ориентированного образования в ущерб его социальности. Однако, по мнению некоторых современных авторов педагогических исследований (Д.М. Воронов, А.М. Саганаев, Б.Т. Тухватуллин, и др.), необходим баланс между личностно-ориентированным и социально-ориентированным образованием, поскольку только он обеспечивает глубокое усвоение образовательных ценностей будущими офицерами. Наличие такого баланса, по нашему мнению, отражает социокультурные вызовы современной военно-профессиональной школе и выводит на понимание личностной и социальной сущности современного образования как образования в особой культурно-образовательной среде, соединяющей в себе личностные ценности учения и социальные ценности обучаемых.

В работах многих авторов современных педагогических исследований [1, с. 14], [3, с. 16], [6, с. 15] и др. отмечается, что основой личностной и общественной направленности человека являются его ценностные ориентации.

### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

1. Абакумова, Н. Н. Компетентностный подход в образовании: организация и диагностика [Текст] / Н. Н. Абакумова, И. Ю. Малкова. – Томск: Томский государственный университет, 2007. – 368 с.
2. Ахметгареев, Р. А. Интегративные военно-профессиональные задачи в системе подготовки курсантов высших военных учебных заведений: дис. ...

канд. пед. наук: 13.00.08 / Ахметгареев Ринат Ахатович. – Казань, 2000. – 180 с.

3. Баяхметов, С. У. Модель формирования профессионально-личностного саморазвития курсантов в военном вузе / С. У. Баяхметов // Сибирский педагогический журнал. – Новосибирск. – 2016. – № 2. – С. 64-69.

4. Профессиональное обучение [Текст]: учеб. пособ. / под ред.: В. Д. Симоненко, М. В. Ретивых. – Брянск: изд-во БГУ, 2003; То же [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.pedlib.ru/>

*Осы мақалада әскери оқу орындарының курсанттарының білім құндылықтарын терең меңгерулерін қамтамасыз ететін жалғыз шарты болып саналатын жеке-бағдарланған және әлеуметтік-бағдарланған білім берудің арасындағы теңгерімді сақтау қажеттігі қарастырылады.*

*This article examines the need to balance the personality-oriented and socially-oriented education as the only condition that ensures the profound assimilation of educational values by cadets of military higher educational institutions.*

Басуға 12.06.2019 ж. қол қойылды. Форматы 60x84/8.  
Офсет басылымы. Офсет қағазы. 7.1 есепті баспа табағы.  
Таралымы 500 дана.

---

Баспахананың мекен-жайы: 150009, Петропавл қ., Ж. Кизатов к., 6,  
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты.  
Әскери-ғылыми бөлімі.

Подписано в печать 12.06.2019 г. Формат 60x84/8  
Печать офсетная. Бумага офсетная. Уч.-изд. л. 7.1 п.л.  
Тираж 500 экз.

---

Адрес типографии: 150009, г. Петропавловск, ул. Ж. Кизатова, 6,  
Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан.  
Военно-научный отдел.